

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Македония Республикасының Үкіметі
арасындағы Дипломаттық және қызметтік паспорттардың иелерін визалық талаптардан
босату туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1515 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2010 жылғы 16 шілдеде Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Македония Республикасының Үкіметі арасындағы
Дипломаттық және қызметтік паспорттардың иелерін визалық талаптардан босату
туралы

келісім

бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министрі

K. Мәсімов

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Македония Республикасының Үкіметі
арасындағы Дипломаттық және қызметтік паспорттардың
иелерін визалық талаптардан босату туралы келісім**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Македония Республикасының Үкіметі (бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын),
екі мемлекеттің достық қарым-қатынасты нығайтуға ұмтылысын назарға ала
отырып,
Тараптар мемлекеттерінің дипломаттық және қызметтік паспорттары бар
азаматтарының өзара сапарларына ықпал етуге тілек білдіре отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптардың әрқайсысы мемлекетінің азаматтары, Тараптар берген жарамды
дипломаттық немесе қызметтік паспорттардың иелері екінші Тарап мемлекетінің
аумағына келу, болу немесе транзитпен өту үшін 30 (отыз) күннен аспайтын кезеңге,
бір күнтізбелік жыл бойы визалық талаптардан босатылады.

2-бап

Тараптардың әрқайсысы мемлекеттің азаматтары, екінші Тарап мемлекетінің
аумағында орналасқан дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің немесе

халықаралық ұйымдардың қызметкерлері болып табылатын жарамды дипломатиялық немесе қызметтік паспорттардың иелері, сондай-ақ олармен бірге тұратын және жарамды дипломатиялық немесе қызметтік паспорттары бар отбасы мүшелері екінші Тарап мемлекетінің аумағына өздеріне тағайындалған мерзімде визасыз келуге, болуға және кетуге құқылы.

3-бап

Осы Келісім екінші Тарап мемлекетінде 1961 жылғы 18 сәуірдегі Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясында немесе 1963 жылғы 24 сәуірдегі Консулдық қатынастар туралы Вена конвенциясында көзделген артықшылықтар мен иммунитеттері жоқ бір Тарап мемлекеті азаматтарының осы екінші Тарап мемлекетінің аумағына келген уақытта екінші Тарап мемлекетінің аумағында қолданыстағы заңнаманы сақтау міндеттерін қозғамайды.

4-бап

1. Тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің аумағында болуы қолайсыз деп танылған екінші Тарап мемлекеті азаматының келуінен бас тарту не болу мерзімін
қ ы с қ а р т у қ ұ қ ы ғ ы н с а қ т а й д ы .

2. Бір Тарап мемлекетінің азаматы (азаматшасы) дипломаттық немесе қызметтік паспортын екінші Тарап мемлекетінің аумағында жоғалтқан жағдайда, ол болатын мемлекетінің құзыретті органдарына қажетті шараптар қабылдау үшін бұл туралы хабарлауға міндетті. Бұл ретте осы азамат мемлекетінің дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекемесі оған жаңа жол жүру құжатын береді және болатын мемлекетінің құзыретті органдарын бұл туралы хабардар етеді.

5-бап

1. Осы Келісімді орындау мақсатында мұндай құжаттардың толық сипаттамасын қоса алғанда, осы Келісімге қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде дипломатиялық арналар арқылы Тараптар өздерінің жарамды дипломаттық және қызметтік паспорттарының ұлгілерімен алмасады.

2. Эрбір Тарап сондай-ақ жаңа және өзгертілген паспорттардың ұлгілерін, мұндай құжаттардың толық сипаттамасын қоса алғанда, олар қолданысқа енгізілгенге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа жолдауға тиіс.

6-бап

1. Тараптардың әрқайсысы ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті және қоғамдық денсаулықты қамтамасыз ету мақсатында осы Келісімнің қолданылуын уақытша, ішінара немесе толық тоқтату құқығын өзінде сақтайды. Осы Келісімнің қолданылуын тоқтата тұру немесе тоқтата тұруды болдырмау туралы шешім, ол күшіне енгенге дейін 72 (жетпіс екі) сағаттан кешіктірмей дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа жеткізу і .

ти і с .

2. Бұл ретте оның қолданылуын тоқтата тұру екінші Тараптың аумағында болатын осы Келісімнің 1 және 2-баптарында көрсетілген азаматтардың құқықтық жағдайына әсер етпейді.

7-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге кез келген уақытта өзгерістер енгізілуі мүмкін. Тараптар келіскең кез келген өзгеріс осы Келісімнің 9-бабының З-тармағына сәйкес күшіне енеді.

8-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер арқылы шешілетін болады.

9-бап

1. Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады.
2. Тараптардың әрқайсысы кез келген уақытта осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы дипломатиялық арналар арқылы жазбаша түрде хабарлауға құқылы. Мұндай жағдайда Келісім оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы бір Тараптың жазбаша хабарламасын екінші Тарап алған күннен бастап 90 (тоқсан) күн өткенге дейін құшінде .

қ а л а д ы .

3. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.

2010 жылғы 16 шілдеде Алматы қаласында әрқайсысы қазақ, македон, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүргінетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Македония Республикасының
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК